**Астана қаласында құрылыс материалдары, бұйымдар мен құрылымдар өнеркәсібі дамуының 2005-2014 жылдарға арналған аймақтық бағдарламасын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Астана қаласы мәслихатының 2005 жылғы 26 мамырдағы N 141/18-III Шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2005 жылғы 1 шілдеде N 396 тіркелді. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2010 жылғы 29 шілдедегі N 380/50-IV Шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2010.07.29 N 380/50-IV Шешімімен.

Астана қаласы әкімдігінің ұсынған Астана қаласында құрылыс материалдары, бұйымдар мен құрылымдар өнеркәсібі дамуының 2005-2014 жылдарға арналған аймақтық бағдарламасын қарап, Қазақстан Республикасы Конституциясының 86-бабын және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабын басшылыққа ала отырып, Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 2009.05.28 N 226/35-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Шешімімен.

Қоса беріліп отырған Астана қаласында құрылыс материалдары, бұйымдар мен құрылымдар өнеркәсібі дамуының 2005-2014 жылдарға арналған аймақтық бағдарламасы бекітілсін.

*Астана қаласының мәслихаты сессиясының төрағасы*

*Астана қаласының мәслихаты сессиясының хатшысы*

**Астана қаласында құрылыс материалдары, бұйымдар мен құрылымдар өнеркәсібі дамуының 2005-2014 жылдарға арналған аймақтық бағдарламасына КЕЛІСІМ ПАРАҚ**

*Астана қаласының "қаржы департаменті"*

*мемлекеттік мекемесінің бастығы*

*Астана қаласының "кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті" мемлекеттік мекемесінің директоры*

*Астана қаласының "білім департаменті" мемлекеттік мекемесінің бастығы*

*Астана қаласының "қамтамасыз ету және әлеуметтік бағдарламалар департаменті" мемлекеттік мекемесінің директоры*

*Астана қаласының "энергетика және коммуналдық шаруашылығы департаменті" мемлекеттік мекемесінің директоры*

Астана қаласы мәслихатының 2005 жылғы 26 мамырдағы N 141/18-III шешімімен БЕКІТІЛДІ

**Астана қаласында құрылыс материалдары, бұйымдар мен құрастырмалары өнеркәсібін дамытудың 2005-2014 жылдарға арналған БАҒДАРЛАМАСЫ Астана қаласы, 2005 жыл**

МАЗМҰНЫ

**1-тарау. Бағдарламаның төлқұжаты**

Бағдарламаның атауы — Астана қаласында құрылыс материалдары, бұйымдар мен құрастырмалары өнеркәсібін дамытудың 2005-2014 жылдарға арналған бағдарламасы.

Бағдарламаны әзірлеу негізі — Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 желтоқсандағы N 1305 қаулысымен бекітілген Қазақстан

Республикасында құрылыс материалдары, бұйымдар мен құрастырмалары өнеркәсібін дамытудың 2005-2014 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 12-тармағы.

Негізгі әзірлеуші Астана қаласының кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті.

Мақсаты Астана қаласында құрылыс материалдары, бұйымдар мен құрастырмалары өнеркәсібінің инновациялық дамуын қамтамасыз ету.

Міндеттері: саланың дамуын ынталандыратын негізгі шараларды анықтау;

қазіргі жоғары сапалы, бәсекеге қабілетті және экспортты бағдарлайтын құрылыс материалдары, бұйымдар мен құрастырмалардың шығарылымы бойынша жаңа өндірістерді құру.

Іске асыру мерзімі 2005-2014 жылдар

Қажетті ресурстар мен қаржыландыру көздері Инвестициялық жобаларды іске асыруды қаржылық қамтамасыз ету кәсіпорындардың, шетелдік және отандық инвесторлардың, мемлекеттік дамыту институттарының жеке қаражаттары есебінен жүзеге асады.

Күтілетін нәтижелер Өнімнің материалды, энергияны қажетсіну және көп еңбек сіңіруді қажетсінуін төмендетуге бағытталған жоғары өнімді құралдарды және жаңа технологияларды енгізу, құрылыс материалдарының сұрыпталымын ұлғайту және сапасын жақсарту;

құрылыс нарығын баға бойынша, сапа және беріктігі бойынша құрылыс материалдарымен, бұйымдармен және үй құрылысы заттарымен қолжетімділікті толық қамтамасыз ету және құрылыс материалдарының импорт үлесін төмендету;

2010 жылға Астана қаласында құрылыс материалдары, бұйымдар мен құрастырмаларды өндіруді нарық тұтынуынан 80%-ға дейін өсуін қамтамасыз ету;

құрылыс материалдарының сыртқы нарығында экспортқа бағытталған өнімдерді игеру және бәсекеге қабілетті шығарылымды ұлғайту;
функционалды тиімді және экологиялық таза құрылыс материалдары, бұйымдар мен құрастырмалар сұрыпталымын кеңейту;
жаңа жұмыс орындарын құру;
салық түсімдерін ұлғайту.

## 2-тарау. Кіріспе

Бағдарлама Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 желтоқсандағы N 1305 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2005 -2014 жылдарға арналған құрылыс материалдары, бұйымдар мен құрастырмалары өнеркәсібінің дамуы мемлекеттік бағдарламасының Іс-шаралар жоспарының 12-тармағына сәйкес және Астана қаласы мәслихатының 2004 жылғы 29 маусымдағы N 53/9-III шешімімен бекітілген Астана қаласының 2005-2007 жылдарға арналған тұрғын үй құрылысын дамытудың аймақтық бағдарламасын іске асыру мақсатында әзірленді.

Астана қаласында тұрғын үй құрылысын дамытудың аймақтық бағдарламасының негізгі бағыттарының бірі тұрғын үй құнын төмендету жолымен, оның ішінде құрылыс материалдары өндірісін дамыту есебінен халықтың көпшілігі үшін қолжетімді тұрғын үй құрылысының тұрақты даму қарқынын қамтамасыз ету болып табылады.

Бағдарламаны әзірлеудің қажеттілігі Астана қаласында, сондай-ақ бүкіл республикада тұрғын үй, азаматтық және өнеркәсіптік құрылыстың өсу қарқынына негізделген. Қазіргі күнде құрылыс индустриясының қалалық кәсіпорындары тауарлық бетон және темір бетон құрылымдары мен бұйымдары сияқты материалдардың негізгі түрлерін ғана өндіреді. Сонымен қатар, әлемдік стандартқа сәйкес тұрғын үй салу үшін Астананың құрылыс компаниялары қымбат тұратын қазіргі материалдарды пайдаланады, оның көп бөлігі жақын және алыс шетелдерден импортталады, бұл соңғы өнім - тұрғын үй бағасында теріс көрініс береді. Аталған мәселені шешу мақсатында Астана қаласының 2005 -2014 жылдарға арналған құрылыс материалдары, бұйымдар мен құрастырмалары өнеркәсібін дамытудың осы бағдарламасы әзірленді.

## 3-тарау. Астана қаласының құрылыс секторын, құрылыс материалдарына қажеттіліктер және құрылыс

**материалдары, бұйымдар мен құрастырмалардың қазіргі өнеркәсібі жайын талдау**

## 1-бөлім. Астана қаласындағы құрылыс секторын талдау

Қазіргі уақытта Астана қаласының құрылыс секторы қарқынды өсуде. 2004 жылдың қорытындысы бойынша құрылыстың өсу қарқыны 2003 жылдың деңгейіне 61,6 % құрады. Өткен жылы кәсіпорындар, ұйымдар және Астана халыққа жалпы көлемі 421252 шаршы метр (бұдан әрі - м $^2$) тұрғын үй пайдалануға берілді, оның ішінде халыққа пайдалануға 173603 м $^2$ енгізілді, 2003 жылдың деңгейінен 2 есе көп.

1-кестеде (1-қосымша) тұрғын үйлерді пайдалануға енгізу динамикасы көрсетілген.

Астана қаласындағы құрылыстың белсенді дамуы көп инвестиция көлемін тартады. 1997 жылдан орташа жылдық өсім 136 % құрады.

2004 жылға құрылыс-құрастыру жұмыстарының көлемі 142,1 млрд. теңгені құрады, бұл 2000 жылдың деңгейінен 3,1 есе көп.

2-кестеде (1-қосымша) 1997-2004 жылдар арасында құрылысқа тартылған инвестициялар динамикасы көрсетілген.

1-кестеде (2-қосымша) 2004 ж. негізгі капиталға инвестициялардың технологиялық құрылымы көрсетілген.

Инвестициялардың технологиялық құрылымы құрылыс-құрастыру жұмыстары жедел жүргізіліп жатқан қарқынды дамып келе жатқан қалаға тән.

Арнаулы экономикалық аймақ шеңберінде қалыптасқан қолайлы инвестициялық ахуал нәтижесінде шетелдік инвесторлардың қаржы бөлуі 2000 жылы 8,8 млрд. теңгеден, 2004 жылы 19,8 млрд. теңгеге дейін өсті.

Тұрғын үй құрылысы қазіргі уақытта қаланың құрылыс индустриясының барынша серпінді дамып келе жатқан сараланымы болып табылады. Тек Астана қаласының 2005-2007 жылдарға арналған тұрғын үй құрылысының даму бағдарламасына сай Астана қаласында үш жылда жалпы аумағы 1590 мың м $^2$ тұрғын үй салу жоспарлануда.

## 2-бөлім. Құрылыс материалдарының ішкі нарығын талдау

Қаладағы ауқымды құрылыс материалдық-техникалық ресурстардың және жинақтаушы материалдардың анағұрлым көлемін сатып алуды қажет етті, өз кезегінде цемент, кірпіш, металл құрылымдары, ағаш бұйымдары, басқа да құрылыс материалдары мен құрылымдарын шығаратын республиканың құрылыс

индустриясы кәсіпорындарының жүктемесін ұлғайтты және жандандырды, сондай-ақ еліміздің басқа аймақтарының құрылыс компанияларының елорда құрылысына қатысуға мүмкіндік берді.

Құрылыс жұмыстары үшін Қазақстанның бірқатар қалаларында, атап айтқанда: цемент - Ақтаудан және Өскеменнен; кірпіш - Семейден, Рудныйдан, Қарағандыдан, Павлодардан; электротехникалық және кабельдік өнім - Семейден , Өскеменнен, Талдықорған және Павлодардан; мәрмәр және гранит әрлеу материалдары - Ақмола, Алматы және Жамбыл облыстарының ашық кеніштерінен, Алматы, Семей, Қарағанды және т.б. зауыттарда шығарылатын құрылыс материалдары, бұйымдар мен жабдықтар жеткізілімі жүзеге асады.

Астана қаласы құрылысына құрылыс материалдарының жеткізілім тәжірибесі көрсеткендей, құрылыс материалдарының жекелеген түрлері (оларды құрылыс объектілеріне дейін жеткізіп беру) бойынша көлік шығындары оларды өндірудің өзіндік құнынан бірнеше есе асып кетеді, ал күрделі құрылыстың құны 35% жетеді. Бұл құрылыстың құнын төмендетудің айтарлықтай қоры болып табылады , оларды іске асыру күрделі шығындарды қажет етпейді, тек кәсіпорындардың аумақтық өндірістік байланыстарын тәртіпке келтіруге және жөндеуге әкеліп саяды.

Бұдан басқа, құрылыстың құндық тұлғалануындағы негізгі үлесті Қазақстан аумағында шығарылмайтын ғимараттың сыртқы қаптауышы, жылу өткізбейтін және жабын материалдары, яғни "соңғы әрлеуге" арналған өнім алады. Сонымен, 5 жылда қаланың сыртқы сауда айналымы 398,7-ден 2249,1 млн. АҚШ долларына дейін немесе 3,8 есе өсті. 2000-2003 жж. аралығында құрылыс материалдары, жабдықтар, көлік құралдары, ағаш және химиялық өнімдердің көп импортталуына байланысты қала үшін төлем балансының теріс сальдосы тән болатын.

3-кестеде (1-қосымша) Астана қаласының 2000-2004 жылдарға арналған сыртқы саудасының серпіні көрсетілген.

Импорттық өнімді енгізу 2000 жылы 246,3 млн. АҚШ долларынан 2004 жылы 1028,5 млн. долларға дейін немесе 4,2 есе өсті. Импорттық өнімдердің көп бөлігі Ресейден (импорттық жеткізілімнің жалпы көлемінен 32,0%), АҚШ-тан (9,2%), Германиядан (8,2%), Түркиядан (8,0%), Өзбекстаннан (6,6%), Италиядан (5,2%) және Украинадан (5,1%) әкелінеді.

4-кесте (1-қосымша) 2004 жылға импорттың елдік құрылымы көрсетілген.

## 3-бөлім. Астана қаласындағы құрылыс материалдарының өнеркәсібі жайын талдау

Астанада құрылыс индустриясы саласында 160 кәсіпорын, оның ішінде тек 11 - ірі, 30-ға жуығы - орташа кәсіпорын қызметін атқарады. Барлығы Астананың құрылыс индустриясында 15,3 мың адам жұмыспен қамтылған, яғни жалпы жұмыспен қамтылғандардың санынан 12,3% құрайды.

Соңғы жылдары Астана қаласындағы құрылыс материалдары өндірісі - жылына 26%-ға жуық қарқынды дамуы байқалды, бұл орташа республикалық көрсеткіштерден 6%-ға жоғары. Бірақ, негізінен өсім қолданыстағы, сондай-ақ енді енгізілген кәсіпорындарда технологиялық күрделі емес негізгі құрылыс материалдарын өндіру есебінен қамтамасыз етіледі. Сонымен, басқа металл емес минералды өнімдердің өндірісінде (тауарлық бетон, темір бетон құрылымдары мен бұйымдар, силикатты кірпіш) 2004 жылға өсім өткен жылға қарағанда 54,6% құрады.

Астана қаласы Статистика басқармасының мәліметтеріне сай 2004 жылы қала кәсіпорындары тауар бетонының 2041,1 мың тонна, силикатты және шлак кірпіш - 65,87 мың тонна, құрылыс темір бетон құрылымдары - 651,25 мың тонна, құрылыс металл құрылымдары - 339 тонна, ағаш құрылыс құрылымдары - 9 тонна, терезе, есік және рамалар - 36,7 мың м $^2$ өндірді. Барынша жедел тауар бетоны, темір бетон құрылымдары мен бұйымдар өндірісі дамуда. Астана қаласында құрылыс дүмпуінің толқынында бетон және темір бетон бұйымдарының тапшылығына байланысты бұрын істемей тұрған зауыттар мен цехтар бар қуатымен жұмыс істей бастады, сондай-ақ ірі құрылыс компанияларында жаңа цехтар ("Базис-А" УПТК, УПТК-ЦС және басқалар). Тауар бетоны өндірісінде 2000-2004 жылдар кезеңіне орташа өсім 938,85 мың тоннаны құрады.

5-кесте (1-қосымша) тауар бетонын өндіру серпіні көрсетілген.

Осындай ұқсас жағдай негізгі құрылыс материалы - силикатты кірпіш өндірісінде де байқалады. Астана қаласында аталған өнім түрінің өндірісі 2001 жылдан жүзеге асырылады және қысқа уақытта өндіру көлемі 2001 жылы 2 мың тоннадан 2004 жылы 65,87 мың тоннаға дейін өсті.

Алайда, қол жеткізген нәтижелерге қарамастан, қазіргі күні Астана қаласының құрылыс материалдарының өнеркәсібі қалалық құрылыс кешені қажеттіліктерінің тек жартысын ғана қанағаттандыра алады, соның салдарынан нарықтағы құрылыс материалдарының барлық түрлері бойынша тапшылыққа жол берместен, мардымды үлесін импорттық өнімдердің көлемі алады.

Екі жылда құрылыс материалдарын шығару бойынша әлемдік стандартқа сәйкес келетін жаңа жоғары технологиялы өндірістерді енгізу байқалады, алайда кәсіпорындардың көпшілігі өндірілетін өнімнің төменгі сапасына себепші болатын, пайдалану мерзімі өтіп кеткен жабдықтардың қызметімен жүзеге

а с ы р а д ы .

Қалыптасқан жағдайдан шығу үшін қала әкімдігі қазіргі технологиялар бойынша құрылыс материалдары жаңа түрлерінің өндірісін ұйымдастыру бөлігінде жеке сектор ынталарын айқындау бойынша қадамдар жасалып жатыр.

Сонымен, 2004 жылдың тамыз айында ұяшықты бетон өндіретін "Экотон+" ААҚ зауытын іске қосу жүзеге асырылды. Аталған зауыттың қуаттылығы ұяшықты бетонды жылына 138 мың м $^{3}$ өндіруге мүмкіндік береді, оның ішінде қабырғалық блоктар мен панельдер, үй құрылысының жабын плиталары мен басқа да материалдарының кең түрі өндіріледі. "Экотон+" ААҚ өнімдерін өндіру кезінде құрылыс материалдарының төзімділігі, формасын өзгертуі және суыққа төзімділігі көрсетілетін барлық нормативтік құжаттарға сай келіп, бетон өндіруге мүмкіндік беретін "Ytong" неміс фирмасының жабдықтары мен технологиялары қ о л д а н ы л а д ы .

2004 жылғы IY тоқсанында "АБК-Бетон" ЖШС-нің тауар бетонын және ерітіндіні шығару бойынша цехі іске қосылды. Аталған кәсіпорынның қуаттылығы жылына 180 мың м $^{3}$ құрайды. Дегенмен, аталған кәсіпорын қазіргі уақытта нарықта құрылыс материалдарының ұқсас бұйымдарымен толық бәсекелесуге қабілетті өнімді шығаруға орнатылған жабдықтар мүмкіндік бермейтіндіктен, кәсіпорын жұмысының барлық қуаттылығының жартысын ғана ж ү з е г е а с ы р а д ы .

Бұдан басқа, 2005 жылғы I тоқсанның соңында қыздырып шыңдалған шыны мен шыны пакеттерді өндіру бойынша "Азия - Ақмола" ЖШС зауытын іске қосу жоспарланып отыр. Аталған өндірістің өзектілігі тек Астана қаласында ғана емес , бүкіл республикада жоғары сапалы қыздырып шыңдалған шыны мен шыны пакеттердің жеке өндірісінің болмауы себепші болады.

Аталған кәсіпорынның қуаттылығы өнімнің терезе және құрылымды шынылау, сатылар, қоршаулар, есіктер, триплекс, витраждар және шыныдан жасалған басқа интерьер бұйымдары үшін 2000х4000 мм максималды көлеммен бір және екі камералы жай және шыны пакеттер түрлеріне құрылыс материалдары нарығын 100% қанағаттандыру үшін жеткілікті көлемінде ө н д і р у г е м ү м к і н д і к б е р е д і .

Сондықтан, Астана қаласының құрылыс материалдарының өнеркәсібін талдау қазіргі уақытта құрылыс материалдарының жаңа түрлерін игеруге, ішкі, сондай-ақ сыртқы нарықта шетелден шығарылған ұқсас тауарлармен бәсекелесуге қабілетті сапалы тауарларды шығару бойынша жоғары сапалы өндірістерді құруда бар құрылыс индустриясы өндірістерін әртараптандырудың объективті қажеттілігі туындағанын көрсетеді.

## 4-бөлім. Астана қаласының құрылыс материалдары, бұйымдар мен құрастырмалары өндірісі үшін минералды-шикізат базасы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 8 тамыздағы N 432 " Астана қаласының шекараларын өзгерту туралы" Заң күші бар Жарлығына сәйкес, Астана қаласының әкімшілік шекараларының өзгеруіне байланысты қаланың жаңа әкімшілік шекарасы шегінде кең тараған пайдалы қазбалары бар жер учаскелері енгізілді.

Астана қаласы аумағында орналасқан кең тараған пайдалы қазбаларды шаруашылық айналымға тарту үшін және Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 27 қаңтардағы N 2828 "Жер қойнауы мен жер қойнауын пайдалану туралы" Жарлығын іске асыру мақсатында жер қойнауын пайдалану мәселелері бойынша ведомствоаралық комиссия құрылды.

Оның құрылған сәтінен бастап кірпіш сазы целиноградтық кен орны бойынша 2,4 млн. куб.м. жалпы қорымен жер қойнауын пайдалану құқығын алуға бір конкурс өткізілді. Жер қойнауын пайдалану құқығы кірпіш зауыттарының құрылысына инвестицияларды жүзеге асыруға міндеттенген екі компанияға берілді. Бұл қаптауыш кірпішті өндіру бойынша жобаны іске асыратын "Астана-брик" ЖШС, сондай-ақ құрылыс кірпішін өндіру бойынша зауыттың құрылысына кірісетін "Казстройкапитал" ЖШС.

2-кестеден (2-қосымша) көрініп тұрғандай, Астананың, негізінен, автожол құрылысы үшін кең тараған жарамды пайдалы қазбаларының қоры мардымсыз.

Кен орындарының көпшілігі Ақмола облысының әкімдігімен бұдан бұрын жасалған келісім-шарттар негізінде пайдаланылып жатыр. Жер қойнауын пайдаланудан босаған кен орындары конкурсқа қойылады.

## 4-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты Астана қаласында құрылыс материалдары, бұйымдар мен құрастырмалары өнеркәсібінің инновациялық дамуын қамтамасыз ету болып табылады.

Мақсатқа жету үшін мынадай міндеттерді шешу көзделеді:

саланы дамытуға жағдай жасайтын негізгі шараларды анықтау;

жергілікті өндірушілердің өнімдерін толықтыру жолымен негізгі құрылыс материалдарына ішкі сұранысты қанағаттандыру;

қазіргі жоғары сапалы, бәсекеге қабілетті экспортқа бағытталған құрылыс

материалдары, бұйымдар мен құрастырмалары алу бойынша жаңа өндірістерді құру;

аймақта құрылыс кластерін қалыптастыру.

## 5-тарау. Бағдарламаны іске асыру шаралары мен механизмдері

Астана қаласындағы құрылыс материалдары, бұйымдар мен құрастырмалары өнеркәсібінің даму бағдарламасын іске асырудың негізгі бағыттары:

1) бағдарламаны іске асыруға жәрдемдесу мақсатында оның мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетін басымды аймақтық инвестициялық және инновациялық жобалар тізімін қалыптастыру;

2) қала экономикасына отандық және шетелдік инвестицияларды тартуда ақпараттық-таныстыру жұмыстарын өткізу;

3) инвестицияларды тартуды талап ететін инвестициялық және инновациялық жобалардың мәліметтер базасын қалыптастыру;

4) мемлекеттік дамыту институттары арқылы басымды аймақтық инвестициялық және инновациялық жобаларды өткізуге жәрдемдесу;

5) "Ғылым-өндіріс" өзара үйлестірілген сызбаны дамыту;

6) мақсаты қалада өндірілген тауарларды, қызмет көрсетулерді жарнамалау болып табылатын сауда-көрме орталығын ұйымдастыру жолымен өнімдерді өткізуде қалалық кәсіпорындарға көмек көрсету (қоғамда отандық тауар өндірушілерге оң көзқарас қалыптастыру, шағын және орташа кәсіпорындардың орнықты қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз ету);

7) стандарттау аумағында өнім сапасын басқару халықаралық сапасына біртіндеп өту бойынша жоспарлы жұмыстарды өткізу;

8) өндірістік кәсіпорындар үшін шетелдік мамандар мен консалтингілік компанияларды тарта отырып, орта және жоғары звено менеджерлерінің біліктілігін көтеру курстарын қоса, кадрларды даярлау;

9) өнімді арзандату және бәсекеге қабілеттілігін көтеру үшін өндірісаралық технологиялық тізбелерді құруға жағдай жасау;

10) кәсіпорындардың экологиялық таза технологиялар мен құрал-жабдықтарды қолдануына жағдай жасау.

## 5-бөлім. Құрылыс материалдары, бұйымдар мен құрастырмаларды өндіру саласында инвестициялық жобаларды іске асыруға қатысу

Қазіргі уақытта Астана қаласында құрылыс материалдары, бұйымдар мен құрастырмалары өнеркәсібінің даму бағдарламасының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетін бірнеше инвестициялық жобалар іске асырылуда. Аталған жобаларды іске асыру ішкі нарықты негізгі құрылыс материалдарымен толықтыруға мүмкіндік береді, ал олардың кейбірі құрылыс индустриясында жаңа технологиялық бағыттарды және қаладан шет аймақта, сондай-ақ жақын шетелдерде экспорттың әлуетін ашады.

## &1. Полиэфирлік шыны пластикалық құбырлар өндірісін ұйымдастыру (бастамашысы - "Амитех Қарасай Пайп" ЖШС)

Астана қаласында шыны пластикалық құбырлардың өндірісін ұйымдастыру бойынша жобаны іске асыру мақсатында өз өндірістерінде ұзақ уақыттық техникалық және инженерлік ілеспені (техникалық көмек, арнаулы баға бойынша шикізат материалдарын әзірлеу және жеткізу, технологиялық және өндірістік процестерді жетілдіру) қамтамасыз ететін, шыны пластикалық құбырларды өндіруде 35 жылдан астам тәжірибесі бар, әлемдік лидер "Амиантит " компаниясы құрылтайшылар құрамына енетін "Амитех Қарасай Пайп" БК ЖШС құрылды. "Амитех Қарасай Пайп" ЖШС бизнес жоспарында мамандардың тәжірибе алмасуды "Амиантит" компаниясының шетелдік филиалдарында өтуімен даярлау қарастырылады.

Астана қаласындағы зауыттың қуаттылығы сумен жабдықтауға арналған жұмыс қысымы 40 атм-ге дейін, диаметрі 80 мм-3000 мм полиэфирлі шыны пластикалық құбырлар жылына 300 км құрайтын болады. Оның ішінде:

1-кезең - диаметрі 300 мм-ден 3000 мм-ге дейін құбырлар үшін CW 3000 орнату (енгізу - 2005 жылдың 1-тоқсаны);

2-кезең - диаметрі 80 мм 300 мм-ге дейін құбырлар үшін CW 300 орнату ( енгізу - 2005 жылдың 3-тоқсаны);

Жобаның жалпы құны 19,7 млн. АҚШ долларын құрайды, оның сомасының 70%-ын Қазақстанның даму банкінің несиелік қаражаты құрайды.

"Амиантиттің" барлық кәсіпорындары, "Амитех Қарасай Пайп" ЖШС қоса, ИСО 9001 және 9002 стандартына сәйкес сапаны бақылау жүйелерімен қамтамасыз етілген. Әрбір бұйымның жеке сериялық нөмірі бар, ол бұйымның қолданылған бастапқы материалын, өндірістің шарттарын, лабораториялық зерттеулердің нәтижесіне қатысты теңестіруге мүмкіндік береді.

Шыны пластикалық құбырлар, металл бетон, пластмасса және басқа құбырлардан пайдалану мерзімі (75 жылдан кем емес), жеңіл салмағы (металл құбырға қарағанда 10 есе жеңіл), электрохимиялық коррозияға төзімділігі,

агрессиялық ортаға төзімділігі, қарапайымдылығы, монтаждау және пайдалануда арзандығы және т.б.

Зауыттың құрылысы бұрынғы шойын қорыту зауытының аумағында жүзеге асырылуда.

Өндірістің көлемі жылына 18 млн. АҚШ долларын құрайды, салық аударымының сомасы жылына 1,35 млн. АҚШ долларын құрайды.

## &2. Ағаш бұйымдары өндірісін ұйымдастыру (бастамашысы "SHEBER SC.KZ" ЖШС)

Жобаның негізгі мақсаты итальян технологиясы бойынша бағалы ағаш түрлерінен шпонның жабынымен жоғары сапалы қарағай ағашынан терезелер мен есіктерді өндіру болып табылады.

Осы жобаны іске асырудың алғы шарттары Астана қаласының нарығында европалық стандарт, пайдалану кезінде сенімділік пен төзімділікті қамтамасыз ететін бұйымды сапалы әзірлеу және жинау бойынша барлық технологиялық цикл тізбесін сақтай отырып, соны дизайн бойынша жоғары сапалы ағаш бұйымдарын өндірушілердің болмауы болып табылады.

Жобаны іске асыру үшін көлемі 6 мың $м^2$ өндірістік орындардың құрылысы және итальян жабдығын құрастыру жүргізіліп жатыр.

Құрылыс Өнеркәсіп паркінің индустриалды-инновациялық даму аймақтық бағдарламасына сәйкес жоспарланған аумақта орналасқан жер учаскесінде жүргізіледі. Жобаның құны 2530712 евроны құрайды. Қаржыландыру коммерциялық банктердің несие қаржы есебінен жүзеге асырылады. Жоба негізінде 77 жаңа жұмыс орны ашылуы көзделеді.

## &3. "Астана Брик" ЖШС-де қаптауыш кірпіш құрылысын ұйымдастыру

Жеке өндірісі және артқан сұраныстың болмауы есебінен "Астана Брик" ЖШС-мен жүзеге асатын қаптауыш кірпішті өндіру бойынша зауыттың құрылысы өзекті болып табылады. Өндірістің көлемі жылына 30 млн. дана кірпіш немесе жылына 900 млн. теңгені құрайды.

"Құрылысжоба ҒЗИ" ЖШС-мен зауытты жобалауға және "Бедески" итальян фирмасымен жабдықтарды жеткізуге келісім-шарт жасалды. Инвестицияның жалпы көлемі 8,8 млн. АҚШ долларын құрайды, жаңа жұмыс орындарының саны - 120 адам. Өндірісті іске қосу 2005 жылдың үшінші тоқсанына жоспарланған.

## &4. Полиэтилен құбырларын өндірісін ұйымдастыру (бастамашысы LG International)

LG International компаниясы инвестиция көлемі 10 млн. АҚШ доллары болатын полиэтилен құбырларын шығару бойынша зауыт құрылысының жобасын жүзеге асыруды көздеп отыр.

Полиэтилен құбырлар су құбыры, газ құбырын салуда, кәріз жүйесінде қолданылатын болады. Поливинилхлоридтік құбырларға қарағанда полиэтилен құбырлар, негізгісі адам денсаулығына қауіпсіз және экологиялық таза болып табылатын бірнеше тұтыну артықшылығы бар.

Қазіргі уақытта Астана қаласының әкімдігімен аталған компанияға зауыт құрылысын жүргізуге жер учаскесі берілді.

## &5. Шыңдалып қыздырылған шыны және шыны пакеттерді өндіру бойынша фабрика құрылысы (бастамашысы "Азия-Ақмола" ЖШС)

Аталған жобаның мақсаты қыздырып шыңдалған шыны және шыны пакеттер өндірісі бойынша зауыттың құрылысы болып табылады. Өнім номенклатурасында әртүрлі көлем мен түрлі өңдеудегі, көркем шыныдан жасалған интерьер және экстерьер элементтері, шыны өңдеу мен шыңдалуы жоғары сапалы шыны мен шыны пакеттердің кең сұрыпталымы ұсынылады.

Қыздырылып шыңдалған шыны бірқатар жоғары тұтынушылық сапаға ие. Жай шыныға қарағанда ол барынша төзімді және қауіпсіз. Дамыған мемлекеттерде қоғамдық ғимарат және жоғары қабатты құрылыстардың құрылысы кезінде тек қыздырылып шыңдалған шыны ғана қолданылады.

Астанада қыздырылып шыңдалған шыны мен шыны пакеттер барлық жаңа әкімшілік объектілердің (Транспорт-Тауэр, Әкімдік, Мәжіліс, аэропорт ғимараты және т.б.) құрылысы кезінде кеңінен қолданылды. Аталған өнім негізінен, Түркиядан импортталады.

"Азия-Ақмола" ЖШС өнімі барлық параметрлері бойынша халықаралық стандартқа сәйкес келетін болады. Бұл кәсіпорында қазіргі технологиялар мен итальян жабдықтары пайдаланылады.

Кәсіпорында ISO 9000-9001 сапасымен басқару жүйесі енгізілуде.

Жобаның құны 5 млн. долларды құрайды.

Жоба негізінде 21 жұмыс орнын құру қарастырылған.

## &6. "Найза Құрылыс" ЖШС-де бетон, темір бетон құрылымдары мен бұйымдары өндірісін ұйымдастыру

Аталған жобаның мақсаты бетон, темір бетон құрылымдары мен бұйымдардың өндірісі бойынша зауыттың құрылысы болып табылады. Өндірілетін өнімнің номенклатурасына сатылық қадамдар мен алаңдар, баспалдақтар, қабырға блоктары, тіреуіштер, жабын плиталары мен басқа да темір бетон бұйымдар енгізілетін болады. Зауыттың құрылысы екі кезеңде жүзеге асыру жоспарланған: 1-кезең - жылына 139,45 мың $м^3$ қуаттылығымен зауыт, 2-кезең - жылына 228,7 мың $м^3$ дейін қуаттылығын арттыру.

Жобаның жалпы құны шамамен 17 миллион доллар. Негізгі қаржыландыру көздері банктік несие және қаржы лизингінің шарты болып табылады. Жобаны іске асыру орны құрылып жатқан жаңа өнеркәсіптік аймақ аумағында 2-ЖЭО ауданында орналасқан, 3,9 гектар көлемді жер учаскесі белгіленген.

## &7. "Астана темір бетон комбинаты" ЖШС-де темір бетон бұйымдары мен құрылымдардың өндірісін ұйымдастыру

"Астана темір бетон комбинаты" ЖШС (бұдан әрі - "АТБК" ЖШС) жобасының мақсаты бетон, темір бетон бұйымдарын (тіреуіштер, сатылық қадамдар, бетон шпалдар, желдеткішті санитарлық-техникалық жабдықтар) мен негізі өнімнің қалдықтары негізінде металл, полимерлі және композитті материалдардан жасалған бұйымдар. "АТБК" ЖШС "Cagdas Konut Hizmtleri San. Ve Tic.LTD STI" түрік компаниясынан автоматтандырылған бетон ерітінді торабы сатып алынды. Жобаны іске асыру кәсіпорынның жеке қаражаты есебінен жүзеге асады. Қаржы жұмсау көлемі шамамен 5 млн. АҚШ долларын құрайды. Жоба негізінде 21 жұмысшы орнын құру қарастырылған.

## &8. "Конкрит Продактс Астана" ЖШС-де бетоннан жасалған бұйымдардың өндірісін ұйымдастыру

Нарықтағы құрылыс материалдарына сұраныстың бір бөлігін қанағаттандыру үшін "Конкрит Продактс Астана" ЖШС "HESS MSCHINENFABRIK GMBH & CO KG" герман фирмасының технологиясымен жабдыққа тербелісті сығымдау әдісімен бетон бұйымдарының өндірісін ұйымдастыру бойынша жоба әзірленді.

Тербелісті сығымдау әдісімен алынған бетон бұйымдардың көлемі, үлгісі, фактурасы және түсінің кең спектріне ие. Өндірістің технологиялық деңгейі, өнімнің сапалы сипаттамасы толығымен барлық ұсынылатын талаптарға және ұқсас өндірістің батыс деңгейіне сәйкес келеді. Жылына 260 күн күніне 20 сағат жұмыс циклі кезінде зауыттың өнімділігі жылына стандартты цемент-құмды блоктардың 6,5 млн. данасын құрайды.

Жобаның жалпы құны 3,1 млн. АҚШ долларын құрайды. Іске асыру мерзімі - 2005 жылдың бірінші тоқсаны. Жоба негізінде 21 жұмысшы орнын құру қарастырылған.

## &9. "АБК-Құрылыс" корпорациясы" ЖШС әкті-құмды кірпіш және темір бетон бұйымдарының өндірісін ұйымдастыру

"АБК-Құрылыс" корпорациясы" ЖШС жобасын іске асыру үшін 2-ЖЭО ауданында орналасқан көлемі 2,246 га жер учаскесі берілген.

Қазіргі уақытта кәсіпорын өнімділігі сағатына 120 куб.м. тауар бетонын өндіру бойынша шығарылым жүзеге асырылған. 2005 жылдың ішінде темір бетон бұйымдарын (фундаменттік блоктар, тіреуіштер және т.б.) шығару бойынша қалыпқа салу цехының құрылысы жоспарланып отыр. Әкті-құмды кірпішті өндіру бойынша зауыттың жобасы жүргізілуде.

## &10. "BIG ELITTE" ЖШС-де құрғақ құрылыс қоспаларының өндірісін ұйымдастыру

"BIG ELITTE" ЖШС жобасының мақсаты "M-tec" неміс технологиясы бойынша құрғақ құрылыс материалдарының кемінде 25 түрін өндіру болып табылады. Зауыттың өнімділігі сағатына 5 тоннаны құрайды. Инвестицияның көлемі 1,3 млн. АҚШ долларын құрайды. Өндірісті 2005 жылғы 2 тоқсанның басында іске қосу көзделген. Жоба негізінде 15 жұмысшы орнын құру қарастырылған.

